

Жетісу облысы Кербұлақ ауданы Сарыөзек ауылында жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдаудың барлық маршруттары үшін бірыңғай тарифін белгілеу туралы

Жетісу облысы Кербұлақ ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 20 сәуірдегі № 116 қаулысы.
Жетісу облысы Әділет департаментінде 2023 жылы 24 сәуірде № 9-19 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағы 9) тармақшасына және Қазақстан Республикасының "Автомобиль көлігі туралы" Заңының 19-бабы 2-тармағына сәйкес, Кербұлақ ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жетісу облысы Кербұлақ ауданы Сарыөзек ауылында жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдаудың барлық маршруттары үшін бірыңғай тариф 80 (сексен) теңге мөлшерінде белгіленсін.

2. "Кербұлақ ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі , автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Кербұлақ ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Кербұлақ ауданының әкімі

К. Есболатов

"Келісіді"

Кербұлақ аудандық

Қ. Бекиев

мәслихатының төрағасы